

Тіркелген салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 16/118-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 наурызда N 14-4-63 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/228-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 27.03.2015 № 40/228-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 422 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Түркістан қалалық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Түркістан қаласында орналасқан салық төлеушілер үшін айына салық салу бірлігіне тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың кезектен тыс
он алтыншы сессиясының төрағасы* *Ү.Жүсіпбаев*
Қалалық мәслихат хатшысы *Ғ.Рысбеков*

Түркістан қалалық мәслихатының
2009 жылғы 23 ақпандағы
N 16/118–IV шешіміне қосымша

Тіркелген салық ставкалары

N	Салық салу объектісінің атауы	Ставка (айлық есептік көрсеткіш есебінде)
		Бір айға
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	5
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5

5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК